

3

Бұлақ суындай мөлдір



4

Марал ишан мұрасы



# Сыр бойы

17 қыркүйек, сейсенбі 2024 жыл

№143 (20817)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


[www.facebook.com/syrboyi\\_kz/](https://www.facebook.com/syrboyi_kz/)
[www.instagram.com/syrboyi\\_kz](https://www.instagram.com/syrboyi_kz)
[t.me/syrboyi\\_kz](https://t.me/syrboyi_kz)
[twitter.com/syrboyi](https://twitter.com/syrboyi)

## /// ПРЕЗИДЕНТ



### «ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ» АТАҒЫ БЕРІЛДІ

«Ақорда» резиденциясында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-полковник, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс салаларының ардагері Сәт Бесімбайұлы Тоқпақбаевты «Халық қаһарманы» атағымен, сондай-ақ айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордендерімен марапаттау рәсімі өтті.

Жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы сөз сөйлеп, Сәт Тоқпақбаевты қалаң жұртшылық құрметтейтінін, оның еңбек жолы ел өмірімен тығыз байланысты болғанын айтты.

– Сіз қастерлі Отанымызға адал қызмет еттіңіз. Енді ғана тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болған жылдары аса жауапты міндеттерді атқаруға білек сыбана кірісіп кеттіңіз. Еліміздің тыныштығы мен тұтастығын сақтау үшін орасан зор үлес қостыңыз. Шын мәнінде, мұны нағыз ерлік деп бағалауға болады. Қазір де қоғамға пайдалы істерді атқарып жүргеніңізді біз жақсы білеміз. Еліміздің лайықты азаматысыз, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Сәт Тоқпақбаев мемлекетіміздің қауіпсіздігі және еліміздің тыныштығы жолындағы еңбегін бағалағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Әділетті Қазақстан құру ісіндегі зор еңбегіңізді және сүйікті Отанымызды халыққа жайлы елге айналдыру мақсатында жүзеге асырып жатқан саясатыңызды толығымен қолдаймын. Тәуелсіздігіміздің баянды болуы жолында Сізбен әрдайым бірге еміңіз! Еліміздің іші даудан, сырты жаудан аман болсын! Отанымызда тыныштық, бірлік, ауызбіршілік әрдайым салтанат құрсын, – деді Сәт Тоқпақбаев.

Салтанатты жиынға Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев қатысты.

## /// БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

### ЖАҢАЛЫҚ ЖАСАҒАН ӨРЕНДЕР

Елімізде жастардың ғылыми жаңалық ашуына жан-жақты жағдай жасалған. Ол үшін мектепте түрлі бағыттағы ғылыми жобаларға қатысып, өз қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік беріледі. Қазалы ауданындағы №266 мектеп-лицей оқушылары осындай мүмкіндікті пайдаланып, ерекше өнертабыс жобаларын ойлап тапты. Бұл еңбегі оларды түрлі білім додасында төрге оздырып жүр.

8-сыныпта оқитын Нұрхан Кеулімжай мен Азат Мунапых 2023-2024 оқу жылында «First Champions» атты республикалық робототехника байқауында бас жүлдені иеленді. Оның бірі ұйқыға қарсы көзділік, екіншісі метрологиялық станса жобалары бойынша еңбектенді.

Нұрхан командасында Ибраһим Көбеев, Азамат Наумағамбет, Азат Мунапых сынды қатарластары болғанын жеткізді. Командаға Ерлан Имбетов, Нұрболат Молдабай және Әнуар Шымбергенов секілді мұғалімдері жетекшілік еткен.

Оқушылар ойлап тапқан көзділік жол-көлік апаттарының алдын алуға көмектеседі алады.

– Статистикаға қарағанда, жүргізу-

## КӨПҚЫРЛЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ



«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Германияның Федералдық канцлері Олаф Шольцті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қазақстан Президенті мен Германия Федералдық канцлері бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің аңғандары орындалды. Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Олаф Шольц шағын құрамда келіссөз өткізді.

Мемлекет басшысы шақыруын қабыл алып, Қазақстанға ресми сапармен келгені үшін Олаф Шольцке ризашылығын білдірді.

– Германия Үкіметінің басшысы соңғы 14 жылда елімізге алғаш рет сапармен келіп отыр. Сондықтан бұл қадамыңыздың тарихи мәні зор. Екіжақты ынтымақтастықты дамытуға және тауар айналымының көлемін ұлғайтуға тың серпін береміз деп сенемін. Германия – біздің Еуропадағы, тіпті жаһандағы негізгі серіктесіміз. Бұл – өте маңызды. Біз қарқынды дамып келе жатқан көпқырлы ықпалдастыққа баса мән береміз. Өзара байланыстарымызды одан әрі тереңдетуге және нығайтуға барлық жағдайды жасаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесуде Олаф Шольцтің отінішімен Қасым-Жомарт Тоқаев Украина төңірегіндегі жағдайды рет-

теуге байланысты пікірін жеткізді.

– Әскери тұрғыда Ресейдің жеңілмейтіні анық. Соғыс бұдан әрі өрши берсе, барша адамзатқа, ең алдымен, Ресей-Украина қақтығысына тікелей қатысы бар мемлекеттерге салдары өте ауыр тиеді. Окінішке қарай, Ыстанбұл келісімін бекітуден бас тартып, татуласуға қол жеткізетін оңтайлы мүмкіндікті ұыстан шығарып алды. Дегенмен бейбітшілік орнатуға әлі де мүмкіндік бар. Түрлі мемлекеттердің барлық бейбіт бастамаларын мұқият қарап, әскери іс-қимылдарды тоқтату туралы келісімге келу керек. Содан кейін территориялық мәселелерді талқылаған жөн. Біздіңше, Қытай мен Бразилияның бейбітшілік жоспары қолдауға тұрарлық. Мемлекет-тер басшылары келеді, кетеді. Ал халық, әсіресе көршілес халықтар бейбіт әрі бір-бірімен түсінісіп өмір

сүруі керек. Қазақстанның Ресеймен дүние жүзі бойынша құрлықтағы ең ұзын шегенделген шекарасы бар. Біздің елдеріміз арасындағы ынтымақтастық стратегиялық серіктестік пен одақтастық аясында дамып келеді. Қазақстандықтар украин халқы мен оның төл мәдениетіне шынайы құрметпен қарайды. Қазақстан мен Украина арасында ешқандай келіспеушілік болмағандықтан, Киевте Елшілігіміз әлі де жұмыс істеп жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Олаф Шольц ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, Германия Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің бірі және экономикамызға инвестиция салған жетекші елдердің санатына кіреді.

– Былтыр екіжақты тауар айна-

лымы 1,5 еседей өсіп, 4 миллиард долларға жуықтады. Биыл да оң динамика байқалып отыр. Соңғы жеті айда өзара сауда-саттық көлемі 2,3 миллиард доллардан асты. 2005 жылдан бері Германиядан шамамен 6,7 миллиард доллар көлемінде тікелей инвестиция тартылды. Бұл қаржының 90 пайызы шикізаттық емес секторға тиесілі екені қуантады. Бүгінде Қазақстанда неміс капиталының үлесі бар мыңнан астам компания жұмыс істейді, – деді Президент.

Өз кезегінде Германияның Федералдық канцлері қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екіжақты байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды.

– Сіздің еліңізге тікелей инвестиция салу және сауда айналымының көлемін арттыру үшін экономикалық байланыстарымызды жақсартуға барлық жағдайды жасаймыз. Өрине, экономикалық ынтымақтастықты барлық салада дамытқымыз келеді. Энергетика саласындағы серіктестігіміз дәйекті түрде алға жылжып келе жатқанына дән ризамыз. Екі ел арасында сенімді әрі жүйелі ынтымақтастық орнаған. Бұл – бүкіл әлемге жақсы үлгі. Сондай-ақ біздің алдымызда тұрған халықаралық сын-қатерлер төңірегінде жан-жақты пікір алмасқанымызға қуаныштымыз, – деді Олаф Шольц.

Тараптар өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттыруға, әсіресе, энергетика, «жасыл» трансформация, тау-кен өнеркәсібі, көлік-логистика, климатты қорғау, экология және ауыл шаруашылығы салаларындағы ықпалдастықты күшейтуге мүдделі екенін растады. Сондай-ақ қазақ-герман мәдени-гуманитарлық байланыстарын нығайту перспективасы қарастырылды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Федералдық канцлер Олаф Шольц Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы ынтымақтастық туралы Бірлескен декларация қабылдады.

## /// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### САЯСИ ШЕШІМ ЕМЕС

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің мәлімдеуінше, түркі әлемінің ортақ әліпби комиссиясының 34 өріптен тұратын әліпби үлгісіне қатысты қабылдаған келісімі саяси шешім емес.

«Өздеріңізге мәлім, түркі мемлекеттерінің отырыстарында ғылыми қауымдастықтарға, ғалымдарға ортақ әліпби үлгісін қарастыруға қатысты бірнеше тапсырма берілген. Сондықтан бірнеше кездесу болды. Халықаралық Түркі академиясының негізінде бірнеше талқылау қорытындысынан кейін академия басшысы Шаин Мұстафаев мырза осындай құжатқа қол қойған. Тағы да айтамын, бұл Үкімет деңгейіндегі немесе саяси құжат емес. Тек ғылыми қауымдастық тарапынан талқылауны жатқан құжат» деді министр.

Бұл туралы «ҚазАқпарат» халықаралық Түркі академиясы 9-11 қыркүйек күндері Әзербайжан астанасында Түркі әлемінің ортақ әліпби комиссиясының үшінші отырысы өткенін және онда көтерілген мәселе жөнінде нақтылай түсті.

### ЮНЕСКО-НЫҢ ЗАТТАЙ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІНЕ ЕНДІ

Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының даңқы асқақтап тұр. Оның бір белгісіндей, ЮНЕСКО Бас конференциясы 42-сессиясының төрайымы Симона Мирела Микулеску көшпенділер ойындары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енгенін айтты. Бұл туралы Qazaqstan телеарнасында «Әлем және біз» бағдарламасында хабарланды деді «ҚазАқпарат».

Келтірілген дерек бойынша Симона Мирела Микулеску «Дүниежүзілік Көшпенділер ойындары – нағыз ұлттық құндылықты сипаттайтын керемет шара. Сондықтан да ЮНЕСКО-ның заттай емес, мәдени мұраларының тізіміне енді. Бұл – мерекесі. Сондықтан барлық ұйымдастырушылар мен қазақ халқын құттықтаймын» деп баға берген.

Айта кетейік, 8-13 қыркүйек күндері өткен Көшпенділер олимпиадасына 90-ға жуық мемлекеттен 2500-ден астам спортшы қатысып, 21 спорт түрінен 97 медаль жиынтығын сарапта салған болатын.

### БІРЫҢҒАЙ QR-КОД ҚАШАН ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ?

Ұлттық төлем корпорациясының басшысы Бинұр Жәленов Қазақстанның барлық банктері үшін бірыңғай QR-код жүйесі 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында енгізілетінін айтты. Бұл туралы Stan.kz хабарлады.

2024 жылдың соңына қарай QR-код пилоттық режимде жұмыс істей бастайды. «Биыл біз телефон нөмірі бойынша банкаралық аударымдарды, ал келесі жылдың бірінші жартысында бірыңғай QR мүмкіндігін қосамыз. Қазір жұмыс қызу жүріп жатыр» деді Б.Жәленов.

Бірыңғай QR клиенттерге қай банкте қызмет көрсетілетініне қарамастан тауарлар мен қызметтерді төлеуге мүмкіндік береді. Сарапшылардың пікірінше, бұл бәсеке-лестіктің дамуына оң әсер етуге тиіс.

## /// САЙЛАУ-2024

### АЙТБАЙ ЖАНДАРБЕКОВ – ШИЕЛІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Шиелі ауданында өткен актив отырысында осы ауданның жаңадан сайланған әкімі таныстырылды.

Облыс әкімі Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған жаңа саяси реформалардың маңызына тоқталып, сайлауға белсенді қатысқан

тұрғындарға алғыс айтты.

– Өздеріңізге белгілі, еліміз соңғы жылдары бірегей конституциялық реформалар арқылы түбегейлі жаңғыру жолына қадам басты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Ол үшін отандық сайлау жүйесін

ашық әрі барша азаматқа қолжетімді түрде өткізу қажет» деп атап өткен болатын. Сайлау жүйесін демократияландыру – Президент реформаларының негізгі міндеттерінің бірі. Өткен жылы елімізде алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімінің тікелей сайлауы өткізілді.

2-бет



құқық алғысы келетінін атап өтті.

Ал Нұрханның сыныптасы Азаттың ғылыми жобасы ауаны бақылау, сонымен қатар ауа температурасын өлшеп, көрсетіп тұрады.

– Адамдар жолға шыққанда қар көшкіні немесе көктайпақ салдарынан жарақат алып жатады. Метрологиялық станса осындай жағдайды болдырмау үшін жасалған, – дейді ол.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» тәмсілін ұстанып, балаларды ғылымға бағыттап жүрген информатика пәнінің мұғалімі Ерлан Имбетов мұндай байқаулар оларды ынталандыратынын айтты.

– Он жылдан бері ұстаздық жолдамын. Ал мектепте еңбек етіп келе жатқаным алты жыл болды. Оқушылар бірінен бірі озады. Бұған дейін көптеген білім бәйгесіне қатысып, олжалы оралып жүрміз. Өрнек қабілетімізді шыңдап, өзге мектеп ұжымдарымен тәжірибе алмасамыз, – дейді команда жетекшісі.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

Валюта бағамы

\$ 480,61 kzt

€ 534,53 kzt

₴ 5,28 kzt

Ауа райы

+25° +27°

+23° +25°



## ҚОСЫМША ОҚУ ҒИМАРАТЫ – КӨП МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапары кезінде №252 мектеп-гимназияның 375 орындық қосымша оқу ғимаратының құрылысымен танысты.

Аудан орталығындағы мектеп-гимназия 1967 жылы салынған, екі қабатты, газбен жылытылады. Наурыз айында 375 орындық, үш қабатты қосымша оқу ғимаратының құрылысы басталған. Бас мердігер «Ахат+ГС» ЖШС, жоба құны – 625,6 млн теңге. Аймақ басшысы құрылысты сапалы әрі жылдам жүргізуді тапсырды.

Айта кетейік, биылғы жаңа оқу жылында Шиелі ауданының «Жансейіт» елді мекенінде 100 орындық жаңа мектеп ел игілігіне берілді. Аудан орталығында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебінің» құрылысы жақын арада басталмақ. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 900 орындық мектеп салынады.

Шиелі кентінде 30 төсектік жұқпалы аурулар бөлімшесі мен көпбейінді орталық аудандық ауруханаға қосымша ғимарат қосылып, қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Өткен жылы Бала би, Досбол датқа, «Бұланбай бауы» елді мекендерінде медициналық амбулаториялар пайдалануға берілді. Биыл облыс аумағында қолға алынған 11 дәрігерлік амбулаторияның 5-уі «Алмалы», Тәжібаев, «Ортақшыл», «Тартоғай», «Бестам» ауылдарында бой көтермек.

Шиеліде «Руханият орталығының» құрылысы қарқын алды. Атап өту қажет, дәл осындай ғимараттар өңірдің барлық ауданында салынууда. Орталықтар жыл соңына дейін қолданысқа беріледі.

## АЙТБАЙ ЖАНДАРБЕКОВ – ШИЕЛІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауда «2025 жылдан бастап жаңа жүйеге біржолата көшеміз. Бұдан былай аудан және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері тікелей сайлау арқылы ғана қызметке келеді. Әкімдердің өкілеттік мерзімі аяқталуына қарай, яғни ротация мерзімі жеткенде сайлау біртіндеп өткізіле берсін» деді. Бұл реформалар мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін барынша арттырады. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес, біздің өңірімізде де аудан әкімдерін сайлау пилоттық негізде жүргізілуде. Өткен жылы Шиелі мен Сырдария аудандары әкімдері тікелей сайлау арқылы тағайындалған болатын. Саяси жүйені жаңғырту бойынша қабылдаған шешімнің жалғасы ретінде күні кеше өткен сессия науқанда Шиелі ауданының тұрғындары жоғары белсенділік танытты. Мызғымас бірлік көрсетіп, ауданның жарқын болашағы үшін өз таңдауларын жасады, – деді облыс әкімі.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтанов Шиелі ауданы әкімі сайлауының қорытындысын хабарлады. Ауданда сайлаушылардың 72,91%-ы уәсәкелерге келіп, олардың 81,2%-ы Айтбай Жандарбековті қолдаған. Комиссия төрағасы Айтбай Насриддинұлына аудан әкімінің куәлігін табыстады.

Облыс әкімі жанадан сайланған аудан басшысына экономика салаларына, атап айтқанда, инвестиция тарту, салық базасын ұлғайту, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, жаңа жұмыс орындарын ашу және кәсіпкерлік саласын дамыту бойынша нақты жұмыстар атқаруды тапсырды. Әсіресе, ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы

1-бет



ерекше потенциалын пайдалану керек.

Актив отырысында Қызылорда облысының Құрметті азаматтары Қорғанбек Қайруллаев, Дайрабай Ысқаков, Мұрат Бақтиярұлы Айтбай Жандарбековке жаңа қызметінде сәттілік тіледі, ал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өркен Исмаилов бата берді.

Айтбай Насриддинұлы 1974 жылы дүниеге келген. Қызылорда политехникалық институтын «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1992 жылы «Қазақстанның 30 жылдығы» кенішарында жұмысшы болып бастап, әр жылдары түрлі салада еңбек еткен. 2001-2018 жылдары «Бәйгекүм» станциясының пошта менгерушісі, Шиелі аудандық статистика басқармасының жетекші маманы қызметтерін атқарған. 2018-2020 жылдары «Гигант» ауылдық округінің әкімі ретінде тұрғындардың өзекті мәселелерін шешуге атсалысты. 2020-2023 жылдары Шиелі аудандық статистика басқармасының басшысы, аудан әкімінің орынбасары лауазымдарында нәтижелі қызмет көрсетті.

2023 жылдың наурыз айынан Шиелі аудандық мәслихатының төрағасы қызметін атқарып келді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ДАМУ

ҚЫЗЫЛОРДА ӨНІРЛІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

- ПАЙЗДЫҚ МӨШЕРЛЕМЕСІ 6%
- НЕСИЕ БЕРУ МЕРЗІМІ 60 АЙҒА ДЕЙІН
- ЖЕҢІЛІК КЕЗЕҢІ 18 АЙҒА ДЕЙІН

1500

73,8

НЕСИЕ МАҚСАТЫ

НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫ САТЫП АЛУ, ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТТЕРДІ ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫRTU, АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАРДЫ АЛУ

## ЖАҢА ЖОБАНЫҢ ЖАҚСЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Облыста кәсіпкерлікті дамыту, кәсіп ашқысы келетін азаматтарды қолдау, жобасын жүзеге асыруға дем беру, осының ықпалымен жаңа жұмыс орындарының ашылуына жағдай жасауда «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы 10 жылдың көлемінде үздіксіз қызмет атқарып келеді.

Биыл облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Өңірлік орталыққа жаңа міндет жүктетті. Аймақтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында осы салада өнімді өсіріп, өңдейтін кәсіпкерлердің бастамасын қолдауды, жалпы өңдеу саласына басымдық беруді тапсырды. Ол үшін арнайы пилоттық жоба әзірленіп, облыстық бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлінді. Осы жобала қандай кәсіп түрлеріне басымдық беріліп отыр? Қандай нәтиже күтіміз? «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығының директоры Талғат Матаевпен аз-кем өңірде осы сауалдарға жауап іздеген едік.

– **Талғат Мұстафағұлы, Өңірлік инвестициялық орталық бөлімше бастаушысы:** Мұндағы мақсаттың мәні неде?

– Өздеріңіз де жақсы білесіздер, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы – микроқаржы ұйымы. 10 жылдан бері аймақта кәсіпкерлік саласындағы жобаларды мемлекеттік бағдарлама аясында қаржыландырып келеді. Биыл облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы алдымызға жаңа міндет қойды. Өңірде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдерінің желісін дамытуға жүктеп отыр. Атап айтқанда, өсіру, өңдеу, сақтау, өткізу жүйесін қалыптастыру көзделуде. Ол үшін осы жылы жергілікті бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлінді.

– **Қандай жобаларға басымдық беріледі?**

– Қазір біз қаржыландыруда басымдық берілетін 8 бағытты анықтап алдық. Оның ішінде таза ет өнімдері, жартылай өнімдер, шұжық, қаптамалау, тері-жүн бағыты, т.б. Сүт өнімдерін өңдеу: таза сүт өнімдері, ыдыстағы айран, қатық, қымыз, шұбат, таза ысталған құрт, ірімшік, сүзбе, т.б. Ұн өнімдерін өңдеу және өндіру: кондитерлік макарон, лапша, жайма, т.б. Көкөніс-бақша өнімдерін өңдеу: маринадтау, қайнатпалау, тұздау, мұздату, кептіру, т.б. Балық өсіру және өңдеу: жақсаңды тоғанда балық өсіру, консервілеу, жартылай өнімдер, ыстау, кептіру. Құс өнімдерін өңдеу: таза тауық еті өнімдері, жартылай өнімдер, шұжық түрлері, т.б. Бұл ретте ауыл шаруашылық өнімдерін сақтау қоймасы, сондай-ақ жылжымайтын мүліктерін салу бағытында жұмыс жүргізіледі.

– **Несие қандай мақсатқа, мерзімге және қанша пайызбен беріледі?**

– Жалпы бір жобаға 73,8 млн теңгеге дейін алуға болады. Кәсіпкерлікке арналған мемлекеттік бағдарлама аясында

– **Қандай нәтиже көзделеді?**

– Жалпы бұл пилоттық жобаны аясында шағын өндіріс зауыттары қалыптасқанын қалаймыз. Ол үшін жеңілдетілген несие алушыға жоғарыда айтылған бағыттар бойынша типтік шағын өндіріс зауыттарының жобасын да ұсынып отырмыз. Кәсіпкерге қоятын талабымыз бизнес-жоспары, жер телімі, сақтап алғылы жатқан құрал-жабдығының ниет шарты мен техникалық паспорты болуы керек. Құрал-жабдық жаңа болуы керек. Сондай-ақ жобасына қажет қаржының 15 пайызын өзі салуы немесе мүлікпен дәлелдеуі қажет.

– **Қандай нәтиже көзделеді?**

– Жалпы бұл пилоттық жобаны аясында шағын өндіріс зауыттары қалыптасқанын қалаймыз. Ол үшін жеңілдетілген несие алушыға жоғарыда айтылған бағыттар бойынша типтік шағын өндіріс зауыттарының жобасын да ұсынып отырмыз. Кәсіпкерге қоятын талабымыз бизнес-жоспары, жер телімі, сақтап алғылы жатқан құрал-жабдығының ниет шарты мен техникалық паспорты болуы керек. Құрал-жабдық жаңа болуы керек. Сондай-ақ жобасына қажет қаржының 15 пайызын өзі салуы немесе мүлікпен дәлелдеуі қажет.

– **Қандай нәтиже көзделеді?**

– Жалпы бұл пилоттық жобаны аясында шағын өндіріс зауыттары қалыптасқанын қалаймыз. Ол үшін жеңілдетілген несие алушыға жоғарыда айтылған бағыттар бойынша типтік шағын өндіріс зауыттарының жобасын да ұсынып отырмыз. Кәсіпкерге қоятын талабымыз бизнес-жоспары, жер телімі, сақтап алғылы жатқан құрал-жабдығының ниет шарты мен техникалық паспорты болуы керек. Құрал-жабдық жаңа болуы керек. Сондай-ақ жобасына қажет қаржының 15 пайызын өзі салуы немесе мүлікпен дәлелдеуі қажет.

– **Қандай нәтиже көзделеді?**

– Жалпы бұл пилоттық жобаны аясында шағын өндіріс зауыттары қалыптасқанын қалаймыз. Ол үшін жеңілдетілген несие алушыға жоғарыда айтылған бағыттар бойынша типтік шағын өндіріс зауыттарының жобасын да ұсынып отырмыз. Кәсіпкерге қоятын талабымыз бизнес-жоспары, жер телімі, сақтап алғылы жатқан құрал-жабдығының ниет шарты мен техникалық паспорты болуы керек. Құрал-жабдық жаңа болуы керек. Сондай-ақ жобасына қажет қаржының 15 пайызын өзі салуы немесе мүлікпен дәлелдеуі қажет.

– **Қандай нәтиже көзделеді?**

– Жалпы бұл пилоттық жобаны аясында шағын өндіріс зауыттары қалыптасқанын қалаймыз. Ол үшін жеңілдетілген несие алушыға жоғарыда айтылған бағыттар бойынша типтік шағын өндіріс зауыттарының жобасын да ұсынып отырмыз. Кәсіпкерге қоятын талабымыз бизнес-жоспары, жер телімі, сақтап алғылы жатқан құрал-жабдығының ниет шарты мен техникалық паспорты болуы керек. Құрал-жабдық жаңа болуы керек. Сондай-ақ жобасына қажет қаржының 15 пайызын өзі салуы немесе мүлікпен дәлелдеуі қажет.

## ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ ЖОБАСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапары кезінде «Таң ЛТД» ЖШС-ның егін алқабына барды. Серіктестік «Таушұқыр» учаскесіндегі 5000 гектар жердің 800 гектарына тамшылатып суару әдісімен жүгері өккен. Бұл бағытқа 16 шақырым жерден электр желісі тартылды, 8 экскаватор, 3 тиегіш, 1 бульдозер, 8 жер айдайтын техникасы бар, 65 адам жұмыспен қамтылды. Тамшылатып суару үшін 160 шақырым құбыр әкелінді.

Сондай-ақ жүгеріні келтіретін қондырғыға «Бестам» ауылдық округінен жер табысталған. Алдағы уақытта тиісті инфрақұрылым облыстық бюджет есебінен жүргізіледі. Нысан іске қосылған соң, тамшылатып суару әдісімен егілетін жүгері және басқа да дақылдарды 3000 гектарға жеткізу жоспарлануда. Ол кезде 50 адам тұрақты жұмысқа тұрады. Келтіріліптің барлық

жабдықтары маусым айында әкелінді, ал құрылысы осы айда ел игілігіне беріледі.

Аймақ басшысы компанияның озық тәжірибесін басқа шаруашылықтарға тартуды және енгізуді ұсынды. «Таң ЛТД» секілді жаңа бағыттарды қолға алып, жұмыс орындарын ашатын шаруашылықтарға жан-жақты қолдау көрсетілетінін айтты.



Суарғыштың түсірілуі. Б. Есжанов

## ҚОЛДАУДЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ – ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты мекеме басшыларының қатысуымен арнайы мәжіліс өткізді.

Жиында тазалыққа, коммуналдық қызметтердің үздіксіз көрсетілуіне, қоғамдық көліктің уақытылы жүруіне қатысты мәселелер талқыланды.

Аймақ басшысы аталған бағыттарға ауқымды қаражат бөлінгенін, жан-жақты қолдау көрсетілетінін қатерге салды. Енді осының қайтарымы ретінде халыққа жоғары деңгейде қызмет көрсетілуі тиіс. Салынған нысандар сапалы болуы керек. Ауа райының қолайсыздығынан ғимараттар зақымдалса, мердігерлер жауапкершілікке тартылады.

– Күз мезгілі күшіне мініп, күн салқындап келеді. Осындай кезде оқушылар қоғамдық көлікті ұзақ күтін қалмауы керек. Жаңғыртылу сатысындағы жолдардың мерзімінде аяқталғаны маңызды, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Әрбір мәселені жеке-жеке саралаған облыс әкімі тиісті басшылардың тапсырмаларға жауапкершілікпен қарауын ескертті.

Жауапты басқарма басшылары тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың құрылысы туралы баяндады. Аймақ басшысы жұмыстардың кестеге сәйкес жүргізілуін қатаң қадағалауды ескертті. Әсіресе, «Жайлы мектеп» ордаларын уақытылы аяқтап, қолданысқа беру маңызды.

Мұнан бөлек, жиында «Арт-спорт» бағдарламасына монито-

ринг жүргізу, тазалық және көркейтуді қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру, бюджет қаражатын тиімді игеру мәселелері талқыланды.

Мәжіліс соңында Нұрлыбек Машбекұлы жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

## АЙМАҚТА 187 НЫСАН ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Жауапты тұлғалар елді мекендерде әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй салу барысын баяндады.

Айта кетейік, облыс орталығы бүгінде қарқынды құрылыс алаңына, өркенді өзгерістердің ордасына айналды. Биыл 187 құрылыс салынууда. Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында қаржыландырудың барлық көзінен өңірімізде 869 мың 300 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табыстырылып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Осылайша, тұрғын үй құрылысы көлемі 126 пайызға өсті.

Мемлекеттік бюджеттен бөлінген 34 млрд 100 млн теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер пайдалануға беріледі. Өңірде жыл басынан бері 750-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады.

Жыл басынан бері 1000 орындық «Өнер орталығы», заманауи үлгідегі жаңа автовокзал ғимараты пайдалануға берілді. «Қорқыт ата әуежайының» жаңа терминалы – жерлестері үшін өте маңызды жоба. Жаңа нысан жақын күндері ел игілігіне табысталады.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 мегаваттты құрайтын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Орталық 2025 жылы тамыз айында пайдалануға берілімек. Сондай-ақ Қызылорда қаласының 623 көпқабатты тұрғын үйіне ыстық су жеткізіледі.

Биыл «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика мектеп-интернаты, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 10 мектеп ел игілігіне табысталады. Облыс орталығында Шығармашылық академиясының көпбейінді аурухананың құрылысы салынууда. «Қан орталығы» пайдалануға берілді. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынатын 27 нысанның өткен жылы 16-сы ел игілігіне табысталады.

Жыл соңына дейін 11 медициналық нысан пайдалануға беріледі.

Сол жағалауда үстел теннисі орталығының, орталық стадионның құрылысы қарқынды жүруде.

Барлық ауданда неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін «Руханият орталықтары», сол жағалауда жаңа өлкетану музейінің құрылысы бой көтеруде.

Қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналған орталық алаң демеушілер есебінен жаңғыртудан өтті. Алдағы уақытта елдің игілігі мен балалардың болашағы үшін жасалатын ауқымды жобалар жалғасын табады. Аймақ басшысы барлық жобаларды тиянақты жүзеге асырып, мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Сондай-ақ жиында алдағы жылу беру маусымына дайындық барысы талқыланды. Жауапты мекемелерге жөндеу жұмыстарын уақытылы аяқтап, барлық нысанның дайындығын қатаң қадағалау тапсырылды.



ӨНЕРДІҢ ӨЗ ӨКІЛІ

# БҰЛАҚ СУЫНДАЙ МӨЛДІР

Ұлы даланы мекен еткен халқымыздың ең қасиетті музыкалық аспабы домбыраны жырламаған қазақ ақыны кемде-кем шығар. Себебі, бұл аспап қиналғанда сүйеу болар қуат, қуанышта жарқырай көрсететін көңіл күйі еді. Домбыра өнерлі жанды өрге тартар құдіретті құрал да болатын.

Атақты ақын, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қадыр Мырзалиев: «Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра. Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!» деді. Бұдан артық не айтуға болады?

Алтын Бекенова домбыраны аялап, төрінде ұстаған Сырдария ауданы Айдарлы елді мекенінде тұрған Бекен ақсақалдың ортаншы баласы Иманбайдың отбасында дүниеге келді. Ақсақалдың тұңғышы Ыдырыс ағай да тамаша тарихшы ұстаз, сәл босаса, қолына домбыра ұстайтын. Ал өз әкесі Иманбай сол маңдағы ел-жұртқа белгілі күйші еді. Бала кезінде әкесінің туған інісі Молдабаймен бірге өстім, бірге мектепке бардым. Алғаш «Тәңір берген Молдабайды» соның орындауында тыңдадым. Сөзі мен ән ырғағын ойын арасында қайталап жүретін едік.

Данышпан қазағым бәрін айтқан ғой, айтып келеді. Тек айыбымыз – соны бағдар ете бермейміз. «Алтын кездік қап түбінде жатпас», өмір осыны сан мәрте дәлелдеді, дәлелдей берелі. Бұл дүниеге шырып етіп түскеннен Алтын домбыра үнімен оянып, домбыра күйімен ұйыққа кетті. Мектепте-ақ көзге түсіп, вокалды аспаптар ансамблі құрамында ойнап, «Дайыдау», «Бір бала», «Назқоңыр», «Демі-айдау» әндерін тамылжыта орындады. Орта мектепті бітірген соң Жезқазған қаласындағы мәдени-ағарту училищесінің «Хор және дирижер» бөлімінде оқып, өнер өресін биіктетті.

Еңбек жолын 1989 жылы Қызылорда облыстық филармониясының әншісі болып бастап, көршілес Қарақалпақстанда, еліміздің Алматы, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Жезқазған, Қарағанды, т.б қалаларында гастрольдік сапарларда болды. Халық әндерімен қоса Қазақстан композиторларының да әндерін нақышына келтіре орындап, халықтың ықыласына бөленді. Қызмет арасында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің тиісті факультетінде білімін жетілдіре түсті.

Содан жүрегі еңге елжіреп, құлағы ерекше үнге үйренген Алтын бірте-бірте сазгерлік жолға түсті. «Қазақстан», «Нұр-Астана», «Сыр – Алаштың анасы», «Байқоңыр», «Әкеме», «Шіркін, анам болғанда», «Ұлы өзен», «Абзал аға», «Илья – чемпи», «Қарай бергім келеді», «Елес», «Әнінен алқа тағайын», «Айдарлым», «Мен сол күні сұлуланым», т.б. халық жылы қабылдаған көптеген әнінің авторына айналды. Әндері облыстық, республикалық, халықаралық конкурстарда орындалып бас жүлде, I орындарға ие бола бастады.

Бұл күндері Сыр еліне аты мәлім сазгердің бірнеше әнтаспасы жарық көрді. 2020 жылы «Ән – керуен» атты тұңғыш кітабы басып шықты. Сәтті түсе, екінші жинақ та жарық көрер.

Сыр елінің басты байлығы, көне грек тілінде «Яксарт», ортағасырлық мұсылман жазбаларында «Сейхун» атауларымен бізге жеткен Сырдария өзені талай ақынды жырлатып, талай сазгердің әніне қосылды. Дария өз төңірегінде тұратын халықтың шөлін басатын суының да, тіршілік көзі де. Сондықтан да Алтынның сирек талант иесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, арқалы ақын, драматург Иман-Ғайыптың осы тақырыптағы өлеңіне жүгінуі заңды.

Жинаққа Иран-Ғайыптың жеті өлеңіне жазылған әндері кіріпті. Арқалы ақынның мына «Ұлы өзен» атты өлең жолдарына әнмен үн ендірей, көңіл-күймен сыр ендірей отыру мүмкін емес:

– Сенен өткен жұмақ жоқ, Сырым менің, Жерұйығым, жәннатым,

Топырағыңды басқаным – жырым-кенім тау асқаным,

Шықса да артық, ризамын, бүгін демім.

Бұл өлең жолдары ән болып төгіліп, жыр болып ағытылмауы мүмкін емес.

Халқымыздың сан ғасыр күресіп, қол жеткізген тәуелсіздігі жай халықты да талай тебірткені белгілі. Алдымен патшалық Ресейдің, содан соның саяси жағасындай болған кеңестік қыспақтан шығып, өз тізгіні өзіне тиген Ұлы даланың бүгінгі еркін қалпы, дербес жағдайы ақындыра шабыт беріп, сазгерлерді тербеткені, өлең болып ағылып, жыр болып төгілгені, әнге айналып шырқалғаны, шырқала беретіні аян. Сол себепті Сыр бойының белгілі ақыны Рысты Бекбергенованың «Тәуелсіздігім» атты өлеңінің:

– Армысың, Тәуелсіздігім, Туғандай жаңа ізгі күн. Езідік ғасырлар бойы, Жарылқап еді бізді кім?..»

деген өлең жолдары кімді болса да толқытады, жүрек пернелеріне үн береді. Бұл ақынжанды сазгер Алтын Иманбайқызына да шабыт беріп, аттас әніне арқау болған.

«Ән-керуен» жинағына ақын Мөлдір Айтбайдың бес шығармасының бірі «Өнер сүйген қызыңмыз» аталатын өлең Алтынның өзіне арналған сияқты. Ал шындығында келгенде, бұл өлең кез келген өнерді сүйген, соны өзінің рухани дамуының кілті санаған сезімі нәзік жанды толғантпай тұра алмайды. Назарларыңызға мына бір шумақты ұсына кетейік:

– Жүрегіме дүрсілдеп тыным бермей, Әсем ән боп әр таным арайланған.

Көркіме кеп ай жүзі үнілгендей, Пернесінен көңілің ән ойнаған.

Алтын Иманбайқызының тынымсыз еңбек етіп келе жатқанына аз уақыт болған жоқ. Өнер жолындағы кейбір белесті кезеңдерге тоқтай кетейік.

Композитор Кенес Дүйсекевтің 60 жылдығына арналған «Туған жер» атты әнші-композиторлар конкурсының дипломанты болса, композитор Рамазан Тайманов атындағы әнші-композиторлар конкурсының бас жүлдегері атанды. Оңтүстік Американың Доминикан Республикасының Фунто-Кано қаласында өткен «Cagibean-cold-2008» халықаралық әлем балаларының ән байқауында Иман-Ғайыптың сөзіне жазылған «Сен» әні халықаралық конкурстардың лауреаты, жас әнші Индира Ахметованың орындауында күміс жүлдені жеңіп алып, таспаға жазылып сол елдің алтын қорына қалдырылды.

Қызылорда облысының 70

жылдығы және Қызылорда қаласының 190 жылдығына арналған «Қыдыр қонған Қызылорда» атты композиторлар аймақтық конкурсының I орын жүлдегері атанса, Кентау қаласында өткен композитор Сейдолла Байтөреков атындағы «Әлия» жас эстрада әншілері мен композиторлар республикалық байқауында «Елес» әні жас әнші Индира Атырауованың орындауында бас жүлдені, композитордың өзі Әлия атындағы сыйлықты жеңіп алды.

Алтын Иманбайқызының көп жылғы еңбегі аталып келеді. «Қайталанбас дауыстар» Сыр саңлақтарының антологиясына енді, Қызылорда қаласының 200 жылдығы медалімен, Мәдениет және спорт министрінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Астана қаласында «Білім өкпесі» Ұлттық инновациялық ғылым-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен еңбек озаттарының «Алтын төсбелгі» иегері.

Қазір жарты ғасырлық тарихы бар облыстағы өнердің қарашанырағы болып саналатын халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығында жемісті қызмет етіп келеді. Сазгерлік жұмыспен қатар Алтын өзі қызмет еткен орталықтың фототека қорындағы әр жылдарда ұнтаспаға жазылған жыр-дас-тарлар, термелер, айтыстардың мәтінін баспаға дайындауда. «Сыр сұлуы», «Нұрғұл» ән-би ансамбльдері, халықтық фото-студия мен киностудия, облыс әкімі ансамблінің жұмыстарына бағыт-бағдар береді. Әсіресе «Мәдени-мұра» бағдарламасы бойынша «Бабалар мұрасы ғасырлар сұрлеуімен» атты мәдени-фольклорлық көшпелі экспедиция құжаттары мен бейнетаспаларын жинақтап, «Ежелгі Тұран мәдениеті» атты деректі түрлі-түсті каталог-журнал мен фильм шығару жоспарланып, «Жырау» тарауының бастауында шығарулында Алматы қаласында іссапарларда болып, атқарған еңбегі орасан зор.

Осылардың бәрін айта отырып, бүгінгі нарықтық қатынастар жағдайында талант иелерінің де тағдырының оп-оңай еместігін, күрделене түскенін аңдаймыз. Өйткені нарықты тұтастай қабылдадық. Ал қоғамдық өмірдің қайшылықты жағдайы аз болмайды, онсыз ол дамымайды, ілгері жылжымайды. Біз керемет шығыстық менталитетімізді, адами қасиеттерімізді, алалдығымызды, имандылығымызды, әділеттілігімізді нарықтың қайшылықтарына қарсы қоя алмадық. Әсіресе, шынайы өнер адамдары еркін қимылдай алмайтын күйге ұшырады. Бұл жағдай қарындасым Алтыннан да алшақ болып тұрған жоқ. Ал алдау-арбауды білетіндер мен нарықтың капиталына бас ұрғандардың бірсыпырасы ілгері кетіп, атак-даңққа ие болды.

Осы сияқты түрлі себептерден Алтын Иманбайқызы өз талантына сәйкес жұртшылыққа көріне алмай жүр. Осы кезге дейін кең көлемде бірде-бір авторлық кеші өткен жоқ. Сол себепті капитал құндылық емес, рухани дүние, өнер – халықтың байлығы, ұлттың басты мұрасы екенін жақсы білетін өнерсүйер басшылар бүкіл өмірін өнерге арнап келе жатқан шынайы талант иесінің авторлық кешін ұйымдастырса, әділеттіліктің бір айқын көрінісі болар еді.

Әбдіжәлел БӘКІР, профессор, саяси ғылым докторы

# АНА РУХЫНА АРНАЛҒАН ІЗГІ АМАЛ

Сыр өңірінде елім дейтін азаматтарды өсірген асыл аналар жетерлік. Олардың қатарында Рахат Зәкірқызын атап өткіміз келеді.



Ел ішінде «Ауылына қарап азаматын таны» деген қанатты сөз бар. Қарапайым отбасында туып, елге қызмет етіп келе жатқан азамат деп «Зекет және қайырымдылық» қорының Қызылорда облысындағы өкілі Оңталап Жидебаевты айтуға болады. Есімін жамағат, Сыр халқы жақсы біледі. Қайырымдылық пен ізгілікті жүрегі жұмсақ, нағыз жанашыр жандар жасайды. Ел қамында жүру, халық мұнын ойлау оңай шаруа емес. Әсіресе, көңіл мың құбылып, пейіл бұзылып тұрған кәсіргі уақытта. Алдына жылап келгенді жылы сөзбен жұбатып, қиналып келгенге қажетті қолдау көрсетіп жүретін Оңталап ағамыздың еңбегі елеусіз емес. Ол жақсылығын елесін-ескерсін деп жасамайды.

Әйтсе де елге жасалған жақсылық, жок-жітікке көрсетілген қамқорлық ұмыт қалмайды екен. Бір ғана мысал, Оңталап аға Президент Жарлығымен «Шапағат» медалімен наградталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы медалді Ақордала өткен мерейлі жиында өз қолымен табыстады. «Алып анадан туады» демекші, елім деп жүрген Оңталаптай ағамызды дүниеге әкеліп, мәлепел, тәрбиелеп, менің балам ғана болмасын, елің панасы болсын деп өсірген Рахат Зәкірқызы.

Кім ата-анасын қуантқысы келмейді. Әкең ардақтап, анаң сыйлау, оларға жақсылық жасау – дініміздің әмірі. Ардақты Пайғамбарымызға (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бір адам келіп: «Уа, Алланың Елшісі! Кімге жақсылық жасайсың?» деп сұрағанда, Ол: «Анаға» деді. Ол кісі қайта сұрағанда тағы да: «Анаға» деп айтты. Үшінші рет қайта сұрағанда да: «Анаға» деп жауап бергеннен кейін

төртінші: «Әкене, содан кейін жақындығына қарай басқа жақсы алып, қызметін жасап берген. Пайғамбарымыздың да (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ана сөзін құрметтеуі бекер емес. Содан болар, дана халқымыз «пайғамбар да анадан туған» деп жатады.

Асыл жар, немерелерінің сүйікті әжесі Рахат апай 1951 жылы 10 сәуір күні Арал ауданы Аван елді мекенінде дүниеге келген. Әжесі Зәкір Қаламағанбетов қызметін аудан орталығына ауыстыруына байланысты 1968 жылы Арал қаласындағы Шевченко атындағы мектепті бітірді.

Мектеп бітірген соң «Пионерлер үйінде» қызмет жолын бастайды. Мұнан кейін №13 мектепте лаборант қызметіне ауысады. Отбасында жеті қыздың ең үлкені болған. 1972 жылы Тасболат Мұстафаұлымен отау құрып, шаңырақ көтерді, комсомол бригадасында қой бақты. Тасболат аға «Қарақұм» совхозына қоныс аударып, №3 фермада зоотехник болып қызмет жасайды. Рахат апай сол ауылдың балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс істеді.

Дүниеге үш ұл, екі қыз әкелді. Жолдасы қызметіне байланысты ауылдан ауылға көшіп-қонғанда қасында қолдау көрсетіп бірге жүрді. «Қонақ емес, құт келеді» демекші, өте қомақжай кісі еді. Фермаға келген әр қонақ үйден дәм таппай кетпейтін.

Күннің сәулесі жер бетін нұрға бөлегені секілді, бір ананың мейірімі мен жылы қабағы бір әулетке шуақ төгетіні рас. Рахат анамыз бір отбасының емес, әулеттің анасы атанды. Тасболат аға шай үстінде: «Жұмыс бабымен үйге келген қонақтарға бір күнде екі-үш марка сойылатын. Құдай қос-

қан қосағым Рахат қонаққа қабақ шытпай оларды қуана қарсы алып, қызметін жасап бастасын алатын еді. Ата-анамды да құрметтеді, разылығын алды. Бір туған бауырларымды да сыйлап, балаларыма да жақсы тәрбие беріп, жақсы келін, үлгілі ана болды» деп еске алған еді. Күйеуінің разылығын алған әйел жәннаттық делінеді.

Тасболат ағаның денсаулығы болыпқырамай отбасы 1995 жылы Аралдан Қызылорда қаласына қоныс аударып келді. Зейнетке шыққаннан кейін Рахат апай жарын бағып-қағып, қолынан келер қызметін жасады. Соңғы бес-алты жылда өзі науқастанып жүрді. Ауырдым деп кісі баласына еш салмақ салған емес. Дендеп келген дертінің себебінен былығы 12 шілдеде, қасиетті жұма күні 73 жасында Алланың құзырына қайтты.

Рахат ананың дүниеден қайтқанына қырық күн толуына орай Оңталап аға бастаған ұрпақтары үлгі аларлық сауап іс жасайды. Мұны ғибрат етіп айтуымыз керек. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Қызылорда облысы бойынша өкілдігінің ұйымдастыруымен Құран Кәрімді жатқа және мәнеремен оқу бойынша аймақтық сайыс өтті. Құран Кәрімнің 10, 20, 30 парасын жатқа және мәнеремен оқу номинациялары бойынша ұйымдастырылған жарысқа қала, аудан, ауыл мешіттерінен келген үміткерлер қатысты. Жарысқа Рахат анамыздың ұрпақтары демеушілік көрсетті. Жүзден жүйрік шыққан жеңімпаздар қонақты қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Алланың қолымен ұлықтаған шәкірттерге де ынталандыру сыйлықтары берілді.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дейді халқымыз.

Бұндай сауапты іс жасау отбасындағы тәрбиенен туса керек.

Түркі халқының ұлы ақыны, ойшыл Әлішер Науаи: «Адамның мәңгі жасауы мүмкін емес, есімінің мәңгі жасауы – мұрат» деген екен. Ана есімі ұмытылмай, артынан ізгі ұрпақтың дұғасы жалғаса, үздіксіз сауабы жетіп тұрары хақ. Бұл жайында ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Адам баласы дүние салған соң оның амалы тоқтайды. Тек мына үш амалдың сауабы иесіне үздіксіз жетіп тұрады. Олар: садақа жария, пайдалы ғылым, артынан дұға қылатын салиқалы перзент» деп айтқан.

Шүкір, Тасболаттай текті әке мен Рахаттай асыл анадан туған перзенттер елге елеулі, халыққа қалаулы болып еңбектен жасауда. Алланың берген перзенттерін қанаттыға қастырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, қатарынан кем етпей, оқытып-тоқытып, әрқайсысын елдің азаматы қылып өсірді. Бүгінде ұл-қыздары өмірден өз орнын тапты. Ұрпақтарының бірі медицинада, енді бірі есепші, бірі жеке кәсіпкер, бірі дін саласында абыройлы еңбек етіп келеді.

Бір анадан: «Қай балаңды жақсы көресің?» депті. Сонда ол: «Ауырған баламды жазылғанша, даладағы баламды оралғанша, кіші баламды өскенше... Ал барлығын кеудемдегі жүрегім тоқтағанша жақсы көремін» депті.

Рахат анамыз ұл-қыздарынан он немере сүйіп, олардың қызығын көріп кетті. Бұл да болса, аз күнгі өмірдің бір қызығы. Ендігі борыш «әкеге қызмет – бізге міндет» дейді ұрпақтары.

Дәуіржан АЙБОЛАТУЛЫ

## БОРЫШ

# КҮЗГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БАСТАЛДЫ

Президент Жарлығына сәйкес қыркүйек айынан азаматтарды мерзімді әскерге шақырудың күзгі науқаны басталды. Науқан жыл соңына дейін жалғасады. Биыл облыс бойынша 800-ден астам азамат Отан алдындағы борышын өтеуге жіберілмек. Бұл туралы облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары Жасұлан Шаңқұлов айтты.



Фото: Аймақ әрқалымы

– Облыс азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны жоспарға сәйкес жүзеге асырылып жатыр. Ең әуелі 18 бен 27 жас аралығындағы ер азаматтарға шақыру қағазы жолданады. Азаматтар көрсетілген мекен-жайға келіп, медициналық сараптамадан, тесттен және полиграфиялық тексерістен өтеді. Биылғы жоспар бойынша ҰҚК Шекара қызметіне 170, Ұлттық ұланға

280, мемлекеттік күзет қызметіне 10, ал Қарулы күштер қатарына 420 азамат жіберілетін болады, – деді Жасұлан Бөгенбайұлы.

Әр шақыру науқаны үлкен дайындықпен басталады. Азаматтармен жеке әңгімелесу өткізіліп, сол арқылы моральдық, физикалық ахуалына баға беріледі және қаншалықты даир екені байқалады. Осыдан өткендер ғана медициналық комиссияға жіберіледі. Тұрғылықты жеріне байланысты аудандық, қалалық комиссиялардан өтеді. Одан кейінгі кезең – облыстық медициналық комиссия. Осы жерде нақты

шешім шығарылады. Әскерге шақырылғандар үшін 45 орындық қазарма, сонымен бірге үш мезгіл тамақ қарастырылған.

«СБ» ақпарат

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қызылорда облыстық филиалы 2024 жылғы «18» қыркүйек КТПН (сыртқы қондырғының толық трансформаторлық қосалқы станциясы) жеткізу, орнату бойынша қызмет жеткізушіні таңдау бойынша ашық тендер жариялайды

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ 2024 жылғы «18» қыркүйек, сағат 15.00-де КТПН (сыртқы қондырғының толық трансформаторлық қосалқы станциясы) жеткізу және орнату бойынша қызмет жеткізушіні таңдау бойынша ашық тендер өткізетіні туралы хабарлайды.

Тендерлік құжаттама пакетін 2024 жылғы «18» қыркүйекке дейінгі мерзімде мына мекенжай бойынша алуға болады: Қызылорда қаласы, К.Байсейітова к-сі 91А, Әкімшілік-шаруашылық бөлімі, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Тендерлік өтінімдерді ұсынуудың соңғы мерзімі – 2024 жылғы «17» қыркүйек, сағат 13.00-ге дейін. Тендерлік өтінімдерді ұсыну орны: Қызылорда қ., К.Байсейітова к-сі 91А.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер тендерлік өтінім берген барлық келген әлеуетті жеткізушілердің қатысуымен келесі мекенжай бойынша ашылады: Қызылорда қаласы, К.Байсейітова к-сі 91А.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы білуге болады: 8(7242) 55-05-11.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы «Жалағаш жаршысы» газетінің байырғы редакторы, Жалағаш ауданының құрметті азаматы **Кенжеғара Сүлейменовтің**

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. \*\*\*

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы облыстық психикалық денсаулық орталығының бас дәрігері **Тлеулиев Кенжеәлі Дербісәліұлына** ағасы

**Тлеулиев Бекмағанбет Дербісәліұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. \*\*\*

Облыстық психикалық денсаулық орталығының ұжымы орталық директоры **Тлеулиев Кенжеәлі Дербісәліұлына** ағасы және медицина саласының ардагері **Желмағанбетова Қарақөз Оразайқызына** жұбайы

**Тлеулиев Бекмағанбет Дербісәліұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# ҚАЛА КҮНІ МЕРЕКЕСІ ТОЙЛАНАДЫ



Биыл Сыр елінің бас шаһарының іргесі қаланғанына 206 жыл толып отыр. Мерекеге орай Қызылордада ауқымды шаралар өткізіледі. Мерекені атап өту және ұйымдастыру туралы қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов айтып берді.

– Бұл қызылордалықтар асыға күтетін мерекелердің біріне айналды. Осы орайда қыркүйектің 17-нен 12 қазанға дейін арнайы бекітілген жоспар бойынша түрлі деңгейдегі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылады. Тақырыптық сүйемелдеу, қала қонақтары мен тұрғындарына мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында көшелер безендіріліп, фотозоналар қойылады, – деді бөлім басшысы.

Ашылу салтанаты 17 қыркүйек күні А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде өтеді. «Жастар театрының» «Неге, жаным, шығарып сала алмадың?» атты лирикалық драмасы ұсынылады.

Мерекелік шаралар легі поэтикалық дуэль, жастар кеші, дәстүрлі кітап көрмесі, республикалық

ақындар айтысы, жас суретшілер байқауы, вокалды-аспапты ансамбльдердің дәстүрлі фестивалі, тазалық акциялары, облыстық фотографтар байқауы, түрлі спорттық және интеллектуалдық сайыстар, отбасылық квиздер, заңип және нашар көретін азаматтар арасындағы республикалық өнер байқауы, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі, ат бәйгесі, театрландырылған қойылыммен толығын, гала-концертпен қорытындыланады.

Мерекелік іс-шаралардың өтетін уақыты мен орны қала әкімдігінің ресми парақшаларында жарияланып тұрады.

«СБ» ақпарат

/// ЖӘДІГЕР

## МАРАЛ ИШАН МҰРАСЫ

XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласында зор құрметке ие болған тарихи тұлғалардың бірі Марал ишан Құрманұлы екені сөзсіз. Оның дәлелі өткен жылы қасиетті Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Жиынның соңында елдің рухын көтеретін тағы бір жақсы жаңалықты сіздермен бөліскім келеді. Әйгілі Марал ишанның Кенесары ханға сыйлаған Құраны табылды. Бұл – еліміздің рухани өміріндегі елеулі оқиға. Марал ишан барша қазаққа танымал адам болған. Ол – төл тарихымызда ерекше орны бар Кенесары ханның үзеңгілес серігі» деп, тұлғаның тарихи маңыздылығын ерекше атаған болатын.



Тарихқа көз жүгіртсек, Марал ишан барлық ғұмырын халыққа қызмет етуге арнады. XIX ғасырда Ресей империясының отарлау саясатының күшейген кезінде Орта Азия мұсылмандарына үйде жариялап, алып империяға қарсы азаттық қозғалыстарға жетекшілік етті деген деректер де кездеседі. Марал ишан өмір сүрген кезінде пайдаланылған ердің (Керей ері) түпнұсқасы және ишанның киелі асының көшірмесі музей қорына алынды.

Таяуда облыстық тарихи-өлкетану музейі археология және этнография бөлімінің меңгерушісі Айгерім Бекқұлиева мен колөнер шебері Бекзат Жақыптың ұсынысымен Марал ишан өмір сүрген кезінде пайдаланылған ердің (Керей ері) түпнұсқасы және ишанның киелі асының көшірмесі музей қорына алынды.

XIX ғасырдан сақталған Керей ері осыған дейін жасырын түрде отбасылық атамұра болып келген. Колөнер шебері Бекзат Жақыптың айтуынша, ер Тәжі Томанұлына тиесілі. Тәжі жорыққа аттанар алдында Өтеулі баласына ер-тұрманды аманатқа қалдырған, Өтеулі үлкен ұлы Жақыпқа тапсырған, Жақып өз кезегінде екінші ұлы Әніске тапсырған. Әніс үшінші ұлы Бағдатқа: «Өлің келмесе, ағана не музейге тапсырарсың» деп аманаттаған екен. Ердің тарихына тоқталатын болсақ, Тәжі (руы Керейдің Тоқымбет аталығынан) Марал ишанның оққағары болған. Кенесарының соңғы жорығында Марал ишан оны ханның әскеріне оққағар батыры есебінде қосып жібереді. Жорыққа аттанар алдында 10-12 жасар баласы Өтеуліге аманат есебінде ер-тұрманын қалдырып кетеді. Одан кейін қайта оралмаған. Өтеулі өз заманындағы атақты ұста-шебер болған. Ер қалты ағаштан шабылып құрастырылған. Алды мен артқы қастары күмістен оюлап-әшекейленген. Этнография-

лық деректерге сүйенсек, қазақ ортасында рулық сәйкестілік принципі бойынша жасалған Керей ерінің ерекшелігі ауқымды, кен, қасы жалпақ келген, биік әрі үлкен болған. Бабалары аманаттаған жәдігерді Тәжінің тікелей ұрпағы Бекзат Жақып музей қорына тапсырды.

Көк аса Марал ишанның әулиелігі, абыздығы, даналығының символын білдіретін киелі жәдігер ретінде бүгінгі күнге жетіп отыр. Жәдігер Қазақстанның ер аймағындағы ұрпақтарының қолында сақталған. Аса төрт бөліктен тұрады: басы, қылышы, сабы, сүңгісі. Асаның қылышы мен найза тәрізді жасалған сүңгісі өзін қорғау мақсатында қолданылған болуы керек. Зерттеушілердің пікірінше, XVIII-XIX ғасырларда асалар бір типте жасалған. Марал ишан туралы аңыздарда оның киелі көк асасы туралы да айтылған. Ұстазы Жама тауындағы Жалаңаяқ ишаннан оны шакирттік жолмен қабылдап алған. Жәдігер үлкен әулеттің киелі мұрасы саналғандықтан, көшірмесін Бекзат Жақып жасады.

2022 жылы Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі мен «Qyzylorda» телеарнасы бірлескен «Құнды жәдігер» жобасы аясында «Жосалы» станциясындағы Марал ишанның қарашырағында сақталып, осыған дейін елеусіз қалған Қалмұхаммед ишанның (Қалқай) мөрін ғалымдар мен музей қызметкерлері зерттеп, қазақшаға аударған болатын. Кейін көшірмесі жасалып, музей қорына өткізілді.

Алдағы уақытта да музей қызметкерлері тарихи тұлғалар туралы тың мәліметтерді жинақтап, олардан қалған баға жетпес құнды жәдігерлермен музей қорын толықтырады.

Асхат САЙЛАУ,  
облыстық тарихи-өлкетану музейінің  
ғылыми хатшысы



### Тағы да шабуыл жасалды

АҚШ-тың бұрынғы президенті және қайтадан президенттікке үміткер болған Дональд Трампқа кезекті мәрте қарулы шабуыл жасалды.

New York Post басшылығы тартқан мәліметке сәйкес, АҚШ-тың құпия қызметі Флорида штатындағы Вест-Палм-Бичтегі өзінің гольф-клубынан шығып бара жатқан кезде Дональд Трамптың жанында атыс болғанын байқаған.

Өкілдер палатасының мүшесі Марджори Тейлор-Грин қазіргі уақытта Трампқа ешқандай қауіп төніп тұрмағанын мәлімдеді. Трамп манайында болған атыстан соң қауіпсіз жерге орналастырылды.

### Бір тұрғынға төрт туристен

Әлемде туристердің көптігінен ең қатты зардап шегетін мемлекет – Австрия.

«Мани Трансферс» британдық қаржы компаниясының зерттеу нәтижесі осындай. Мұнда халық саны 9 миллионнан асады. Жыл сайын елге 32 миллионға жуық демалушы бас сұғады. Сонда әрбір тұрғынға шамамен 4 саяхатшыдан келеді екен. Салдарынан демалушылар арасындағы танымал орындарда баспана бағасы қымбаттап, көлік кептелісі туындайды.

Бүгінде саяхатшылардың көптігінен Италия, Испания мен Жапония секілді мемлекеттер шектеу шараларын енгізіп, сырттан келгендер үшін алым мөлшерін ұлғайтып жатыр.

### Демографиялық ахуал

2070 жылы Грекия халқының төрттен бірі қысқаруы мүмкін. Қазір елде 10 миллионнан аса адам тұрады. Кейінгі жылдары Эллада елінде бала туу көрсеткіші күрт төмендеп кеткен. Былтыр 92 мың саби дүниеге келсе, 108 мың адам қайтыс болған.

Демографиялық ахуалдың нашарлауына экономикалық қиындықтар себеп. Салдарынан кейінгі 10 жылда жарты миллионға жуық жас адам елден кетіп қалған. Грекияда жастар екі қолға бір күрек таппай, бала жоспарлауды кейінге ысырып қояды.

Мәселенің ұшыққаны соншалық, былтыр Эллада елінде демография мәселесін шешумен айналысатын министрлік құрылды. Бала күтімі бойынша жәрдемақы мөлшерін ұлғайтып, отбасылар үшін салық жеңілдіктерін енгізген.

Ақпарат көздерінен

/// ТАНЫМ

## ТЫҢШЫ



Фотос: Аманжол Әржанов

Кейде жер жүзіне танымал адамдардың да аузын айға қаратып кететін қарапайым жаңдар болады. Негізгі мамандығы дәрігер, ағылшынның белгілі жазушысы, осыдан қырық-елу жылдай бұрын, біздің жастау кезімізде кеңес одағының телеарналарынан түспеген сериалдарда атақты тыңшы Шерлок Холмс пен доктор Ватсонды әлемге танытқан Артур Конан Дойл бірде ісапармен Парижде келіпті.

Теміржол вокзалына түскен бойда оған өзіне өте сенімді кейіп пен үн-түссіз жақын келген такси жүргізушісі қаламгердің қолындағы чехмоданы алып жүрсеңізші дегенде ол кісі аузы ашылып қалып: «Ау, сіз мен білетін бе едіңіз, қалай танып отырсыз?» дейді танданысын жақыра алмай. «Жоқ, мырза, мен сізді өмірімде бірінші рет көрімі» депті жүргізушісі шынын айтып. «Ал олай болса, қалай біле қойдыңыз, соны айтыңызшы?» деген жазушыға таксиді жүргізуші Шерлок Холмстың кейпіне еніп, түсіндіре бастайды.

– Шынмыды айтсаң, – деді ол, – мен бұл жағдайға сіздің жазбаларыңызда келтірілетін қарапайым ғана дедуктивті тәсілдеріңізді пайдаландым. Біріншіден, мен бұқаралық ақпарат құралдарынан Артур Конан Дойлдың француздың Ривьера қаласында екі апталық демалыспен аядағанын оқыдым. Екіншіден, сіз

бұл жерге міндетті түрде Марсель пойызынан түсуіңіз керек еді. Соның сідізін күнге тотыққан жүзіңізді көріп, келген жағыңыздағы он шақты күндік Жерорта теңізі жағалауының әсері бар деп топшыладым. Ал оң қолыңыздың ортанғы саусағындағы жуса да ізі қалып қоятын сиының табынан жазушы болар деп ойладым. Жүріс-тұрысыңыздың қосымша мамандығыңыз дәрігерге ұқсайтыны өз алдына, көйлегіңіз өздеріңіз мақтан ететін ағылшын жібімен өрнектелген. Сонымен бірге, жүздеген жолаушы арасынан өзінгіге көзің түскенде әлгі айтқандарымды жылдам бір арнаға тоғыстырдым да өзіме-өзім «Мінекей, әлемге әйгілі атақты тыңшы Шерлок Холмстың болмысын сомдап шыққан жазушы осындай ғана болуы керек» деген ойға келдім.

Бұл айтылғандарға айран-асыр таңғалып: «Ойпырмай, осыныша ұсақ-түйек белгілерге қарап-ақ тұтас тұжырым жасай білген сіздің өзіндік атақты тыңшы Шерлок Холмс лесе, жарасар еді» деген жазушыға ол: «Солдай солай шығар ғой, осы айтқандарыма қосымша және болар-болмас, елеусізден нәрсең байқап қалдым» дейді. «Ол не болды екен?» деп тағатысызана сұраған қаламгерге таксиді жүргізушісі: «Ол сіздің чехмоданыңызға көзге айқын байқалатын әріптермен өрнектеліп, желімделген аты-жөніңіз жазылған жапсырма» депті.

Әлімжан ҚИЯС,  
Қазалы ауданы



## МАГНИТ АДАМ

Жаңақорғанның «Қосүйеңкі» ауылында магнит адам тұрады. 66 жастағы Назірхан Өтепбергенов өмір бойы темір-терсектің ортасында жүрсе де үстіне темір жабысатынын жеті-сегіз жыл бұрын ғана білген. Онда да кездейсің.

– Үй ішімізбен теледидар көріп отырғанбыз. Телехабарлардың бірінде кейіпкер денесіне қасық, шанышқы, үтік, тағы басқа бұйымдарды жапсырып жатыр екен. Оны көрген немерем таңғалды. Жүгіріп барып асуіден қасық, шанышқы өкеліп тұр. Өзіне байқап көрген, жабысқан жоқ. Қоярла-қоймай мені көндірді. Қызық болғанда, жалаңаш денемге магнитке жабысқандай тұра қалды. Өзім де аң-таңмын, – дейді Назірхан аға.

Ерекше құбылысты телефонның камерасымен суретке түсіріп, туыстары мен достарына жіберіпті. Ол ауыздан ауызға тарап, құлағы түрік тілші қауымға жетеді. Содан бір күні аудандық газеттен журналист келіп, магнит адаммен әңгімелесіп, мақаласын жарқ еткізеді. Онысы әлеуметтік желіде де тарап кетеді. Кейін республикалық телеарнадан қонақ болуға ұсыныс жасаған. Өткен, жолы түспепті. Ағамызды «темір-терсектің ортасында жүрген» дейтініміз, жастайынан қолқ

тізгінде. Өмірлік қосағы Гүлзада екеуі 2 ұл, 4 қыз тәрбиелеп, өсірді. Балаларынан немерешөбере сүйіп отыр. Зейнет жасынан асып кетсе де әлі күнге жұмыстан қол үзген жоқ. Қазір де қолқ жүргізушісі.

– Мәшһүрәні асай-мүсейі, тіпті үтікке дейін төсіме, көкірегім, жауырыныма тұра қалады. Ұжымдастарым ең ауыр кінәтерді қаз-қатар тізіп қойып, қызық көріп, видеоға түсіріп жатады. Сенбегендер соны көргеннен кейін саба-сына түседі. Мұндай қасиет әзірге бес жастағы немеремнен ғана байқалды, – дейді магнит ағамыз.

Әдетте ерекше адамдардың бойына емілік қонғанына күміс. Ағамыздың жалаңаш денесіне темір-терсек жабысқанымен мұндай қасиет жоқ екен.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі  
**СЫР МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi\_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу нөмірі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.